

Бекітемін
Басқарма мүшесі – әлеуметтік
жұмыс және жастар саясаты
жөніндегі проректор,

З.Г.К. профессор
Б. Сериев
2025 ж.



1 курс студенттерінің академиялық өмірге оң көзқарасын қалыптастыру мақсатында бейімдеу іс-шараларының бағдарламасы

Бағдарламаның мақсаты:

Оқу процесіне сәтті бейімделуі үшін бірінші курс студенттерінде академиялық өмірге, студенттік өзін-өзі басқаруға оң көзқарас қалыптастыруға бағытталған қолайлы жағдайлар мен психологиялық ахуал жасау.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Бірінші курс студенттерінің күйзеліске ұшырауын болдырмауға бағытталған ұйымдастырушылық, ағартушылық және профилактикалық іс-шаралар кешенін жүзеге асыру.

2. Студенттердің жаңа ұжымдағы әлеуметтік мәртебесін қалыптастыру және қолдау.

3. Таңдалған білім беру бағдарламасының және академиялық топтың ерекшеліктеріне бейімделуін қамтамасыз ету.

4. Оқудан тыс уақытта тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруына арналған қосымша кеңістіктер қалыптастыру.

5. Жаңа білім беру ортасына байланысты бірінші курс студенттерінде туындауы мүмкін психологиялық және физикалық жайсыздықтың алдын алу және оны жеңілдету.

6. Студенттік өзін-өзі басқарудың маңыздылығын түсіндіруге бағытталған ақпараттық-бейімдеу шараларын қамтамасыз ету.

Бағдарламаға қатысатын студенттердің жасы:

Бағдарлама барлық санаттағы, дайындық деңгейлері мен топтардағы студенттермен жұмыс жүргізуге бағытталған.

Күтілетін қорытынды нәтижелер:

Студенттердің жаңа білім беру ортасына ішкі жайсыздықсыз бейімделуі, ұжымда жанжалсыз өзара әрекеттесу дағдыларының қалыптасуы, сондай-ақ университеттің тиімді басқарылуында студенттік өзін-өзі басқарудың маңыздылығын түсіну.

Жұмыстың бағыттары мен мазмұны

Жұмыстың бағыттары	Кураторлар/эдвайзерлермен жұмыс мазмұны:	Студенттермен жұмыс мазмұны:
Ағартушылық жұмысы	Оқытушыларды бейімдеу түрлері мен формалары туралы	Университеттегі мінез-құлық және оқу ережелерімен

	<p>ақпараттандыру; бейімделу кезеңіндегі қиындықтар мен олардың психологиялық денсаулыққа, сондай-ақ білім алу табыстылығына әсері жөнінде түсіндіру жұмыстары.</p>	<p>ақпараттандыру, университеттің тарихы және профессорлық-оқытушылық құрамымен таныстыру; студенттердің оқу процесіне бейімделу түрлері мен формалары туралы мәлімет беру; университеттегі оқыту мен білім берудің ерекшеліктерін түсіндіру, сондай-ақ бейімделу кезеңіндегі қиындықтар мен олардың бірінші курс студенттерінің психологиялық денсаулығына және олардың оқу жетістіктеріне әсері туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу.</p>
<p>Диагностика</p>	<p>Студенттердің ұжымдағы өзара қарым-қатынастарын, интеллект түрлерін, көңіл-күйі мен жалпы хал-ахуалын, оқу белсенділігін зерттеу; оқу жүктемесін қалыпқа келтіру және бейімделу деңгейін анықтау мақсатында бақылау, әңгімелесу, сауалнама жүргізу.</p>	<p>Бірінші курс студенттерінің жалпы хал-ахуалын, белсенділігін, көңіл-күйін, мотивациясы мен тәртібін сауалнамалар, әңгімелесу, сұхбат және бақылау арқылы зерттеу; университетте оқуда туындайтын қиындықтарды шешу және мотивацияны арттыру мақсатында консультациялар мен топтық жұмыстар ұйымдастыру; оқу және бос уақытты тиімді жоспарлау, студенттің өзіндік жұмыс дағдыларын қалыптастыру, ағымдық/аралық/емтихандық бақылауға дайындалу бойынша ұсыныстар әзірлеу.</p>
<p>Түзету-профилактикалық жұмыс</p>	<p>Топты зерттеу және ұйыстыру, студенттермен тиімді қарым-қатынас орнату, университет жағдайына бейімделуі төмен студенттермен жұмыс дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ өз функцияларын іске асыру мүмкіндіктерін ашу мақсатында білім мен іскерлікті өзектендіруге арналған семинарлар мен консультациялар ұйымдастыру.</p>	<p>Университетте оқуда туындайтын қиындықтарды шешу және мотивацияны арттыру бойынша консультациялар мен топтық сабақтарды ұйымдастыру, сондай-ақ студенттің оқу және бос уақытын тиімді жоспарлау, өз бетінше жұмыс дағдыларын қалыптастыру және бекіту, емтихан сессиясына дайындалу дағдыларын дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу.</p>

Іске асыру мерзімдері және міндеттері

Іске асыру мерзімдері	Міндеттері
<p>I кезең (қыркүйек, қазан)</p>	<p>Студенттің соматикалық, психологиялық және әлеуметтік жағдайын бағалау, сондай-ақ университеттегі оқу қызметінің шарттары, ұйымдастырылуы және мазмұны туралы ақпараттандыру; Жетісу университетінің психологиялық қызметі мен Студенттік Парламентінің белсенді қатысуымен бұрынғы талапкерлердің жаңа білім беру-тәрбиелік ортаға бейімделуіне әлеуметтік-психологиялық қолдау</p>


	көрсету.
II кезең (қараша, желтоқсан)	– Студенттердің білім беру жағдайларына бейімделуіндегі негізгі мәселелерді анықтау және оларды шешу жолдарын көрсету; – Қолда бар қайшылықтарды жою тәсілдерін айқындау; – Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға түзетулер енгізу.
III кезең (қаңтар, маусым)	– Алынған ақпаратты оқу-тәрбие үдерісіндегі проблемалық жағдайлардың алдын алу мақсатында кураторлар семинарларын, ППҚ-ның жеке және топтық консультацияларын өткізу үшін пайдалану. – Студенттік ұжымды біріктіру және бейімделуде қиындық көрген студенттерге көмек көрсету үшін түзету-дамыту және алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру. «Жастар жастарды оқытады», «Тең теңіне» технологиясы бойынша шараларды енгізу. – Жаңа ортаға бейімделе алмаған студенттердің ата-аналарына консультациялар мен ағартушылық жұмыстарын жүргізу.

Бейімделу кезеңіне арналған іс-шаралар жоспары.

Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты
I. Талдау-диагностикалық бағыт.		
1. Студенттердің жеке істерін зерделеу. 2. Ата-аналарға сауалнама жүргізу. 3. Бірінші курс топтарының әлеуметтік-психологиялық паспортын әзірлеу. 4. Оқуға деген мотивация деңгейін анықтау. 5. Студенттердің көпқырлы қызығушылықтары мен коммуникациялық дағдыларын анықтау. 6. Салауатты өмір салтына бағытталған ұстаным деңгейін анықтау.	Қыркүйек-желтоқсан 2025ж.-қаңтар-маусым 2026ж.	Психологиялық қызмет Кураторлар/эдвайзерлер
II. Оқу үдерісін ұйымдастыру.		
Пәндердің ерекшеліктеріне әлеуметтік-психологиялық бейімделу барысын зерделеу мақсатында ППҚ-мен өзара әрекеттесу: а) Жұмыс көлемін талдау; б) Студенттің жоспарлы оқу жүктемесін зерделеу; в) Сабақ кестесін зерттеу; г) Сабақтарға қатысу.	Жыл бойы	Кафедра менгерушілері, Факультет декандарының бағыттар бойынша орынбасарлары, Кураторлар/эдвайзерлер
III. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру.		
1. Студенттерді үйірмелерге, секцияларға, клубтар мен студияларға тарту. 2. Қаладағы жұмыс істеп тұрған үйірмелер мен секциялар туралы ақпарат беру. 3. Рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру және дамыту. 4. Құқықтық білім қалыптастыру. 5. Өз Отанын сүйетін азамат және патриот тәрбиелеу. 6. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. 7. Эстетикалық құндылықтарды қалыптастыру.	Жыл бойы	ЖСӘДБ, Спортклуб, Кураторлар/эдвайзерлер

8. Еңбек дағдыларын дарыту. 9. Мамандық апталығы аясындағы іс-шараларға, түлектермен кездесулерге қатысу. 10. Университеттік және өңірлік іс-шараларға қатысу.		
IV. Бірінші курс студенттерін бейімдеуге студенттік өзін-өзі басқару органдарын, Студенттік Парламентті тарту.	Жыл бойы	Студенттік Парламент ЖСӘДБ
V. Жаңа қабылданған студенттер мен кураторларға ақпараттық қолдау ұйымдастыру.		
Жарнамалық материалдардың баспа нұсқалары, конкурстар туралы ережелер, университет газетасы, сайттағы, әлеуметтік желілердегі және өңірлік БАҚ-тағы ақпарат, сондай-ақ 1-курс студенттеріне арналған «Жолсілтемені» тарату және AI-ассистент енгізу арқылы ақпараттық қолдауды күшейту.	Жыл бойы	ЖСӘДБ, Байланыс және имидждік саясат орталығы
VI. Ата-аналармен өзара байланыс.		
1. Жеке консультациялар. 2. Ата-аналар кеңесінің курирлеуші құрылымдық бөлімшелермен өзара әрекеттесуі.	Жыл бойы	Психологиялық қызмет, қадағалайтын құрылымдық бөлімшелердің басшылары
VII. Студенттердің жатақханадағы жаңа тұрмыстық жағдайларға бейімделуін ұйымдастыру шаралары.		
1. Жатақханаға қоныстануды бақылау. 2. Жатақханада тұру ережелерінің сақталуын бақылау.	Жыл бойы	Білімгерлерге қызмет көрсету орталығы, ЖСӘДБ, Жатақхана коменданты
VIII. Студенттер мен ата-аналарды әлеуметтік-психологиялық қолдау.		
Бөлек жоспар бойынша.	Жыл бойы	Психологиялық қызмет

Жастар саясаты және әлеуметтік даму бөлімінің басшысы

 **Б.Гусенов**